

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№1 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткен күні: 23.09.2021ж

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, бас аспазшы, қоймашы, дәрігер

Күн тәртібінде:

1. «Дұрыс тамақтану – денсаулықтың кепілі» мектеп-интернат оқушыларының тамақтарын қадағалау

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев кеңес мүшелерімен бірге мектеп-интернат оқушыларының күнделікті дұрыс тамақтануларын қадағалап, тексеру жүргізді. Тексеру барысында «Тамақтану нормасынан он күндік рационалдық бақылау журналы», «Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау журналы», «Бракераж журналы», «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы», «С витаминдеу журналы», «Шикі өнімдерге арналған бракераж журналы» тексерілді.

**Сөз алды: Б.Шайхсланова** – қамқоршылық кеңес мүшесі. Мектеп-интернат оқушылары бес мезгіл тамақтанады. Ас мәзірі уақытылы түзіліп отырылады. Тамақтану нормасының рационы сақталған, тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасы құнарлы және қажетті дәрумендерге бай. Дегенмен алдағы уақытта оқушылардың тамақтану режимін бақылап отыруымыз қажет.

Шешім етеді:

1. Мектеп-интернат оқушыларының тамақтану режимін үнемі қадағалауда ұстау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

М. Сайдуллаев

Мүшелері:

И. Анарметова

М. Тұрысметов

Г. Тургунбаева

Г. Құлманова

Д. Нурмахметов

Т. Старцева

С. Ниязова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

А. Назарова

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№2 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткізілген күні: 11.12.2021 ж.

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, педагог-психолог

Күн тәртібінде:

1.Өз еріктерімен қайырымдылық жасауға келген азаматтармен қамқоршылық кеңес мүшелерімен байланыс жасап, құжаттануы.

ҚР Президенттің 2022 жылға арналған президент шыршасына тәрбиеленушілерді ұсыну

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев сөз алып, мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне өз қалауларымен қайырымдылық жасауға ниетті жандардың қоғамымызда бар екенін, олар балаларға қажетті заттарды алып келіп, үлестіріп беретінін тілге тиек етті. Алып келінген кез-келген қайырымдылық көмектеріне арнайы АКТ түзіліп, құжаттандырып отырамыз.

**Тыңдалды:** ДОИЖО К.Даулетова ҚР Президенттің 2022 жылғы арналған президент шыршасына 9-13 жас аралығындағы 2 баланың тізімін ШҚББ беруіміз керек. Мектеп-интернаттағы тұрмыстық әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан екі тәрбиеленушінің аты-жөні таңдауымыз қажет. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар тізімінің арасынан 4 «Ә» арнайы сынып оқушысы Нұрахмет Нұрлан және Нурдилла Айша таңдалды.

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Т.Үсіпбеков әлеуметтік жағдайы төмен қамқоршылықты қажет ететін отбасынан шыққан осы тәрбиеленушілерге президенттік шыршаға қатысуға қарсы еместігі туралы кеңес мүшелері бір дауыстан қолдады.

Шешім етеді:

1.Мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне қайырымдылық жасайтын азаматтармен байланыста болуды одан әрі дамыту

ҚР Президенттің 2022 жылға арналған президент шыршасына 4 «Ә» арнайы сынып оқушылары Нұрахмет Нұрлан және Нурдилла Айша жіберілсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 М. Сайдуллаев

Мүшелері:

 И.Анарметова

 М.Тұрысметов

 Г.Тургунбаева

 Г.Құлманова

 Д.Нурмахметов

 Т.Старцева

 С.Ниязова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 А.Назарова

# Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша директордың есебінің

## ХАТТАМАСЫ № 3

Күні: 21.01.2022ж

Қатысқандар: 10

### Күн тәртібінде:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2021 жылға қаралған бюджет қаржысының жұмсалуды туралы және оқу – тәрбие жұмысының есебі.

#### Сөз сөйледі:

Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекова 2021 қаржы жылына материалдық-техникалық базасын дамыту үшін, тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз етуге, коммуналдық төлемдерге, ұжым қызметкерлеріне жалақыға және тағыда қосымша қызметтерге бөлінген қаражаттардың есебін берді.

Интернатта 84 бала оқып, тәрбиеленуде. 29 бала аз қамтылған отбасынан шыққан. Мектеп-бюджетіне 2021 жылға қаралған жалпы соммасы 26569100,0 (екі жүз алпыс бес миллион алты жүз тоқсан бір мың) тенгені құрайды.

#### Атап айтқанда:

- еңбек ақы - 177276000,0 тенге;
- өтемақы төлемдер - 9258000,0 тенге;
- әлеуметтік салық - 9573000,0 тенге;
- мемлекеттік әлеуметтік қорына әлеуметтік аударымдар - 5584000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 3546000,0 тенге;
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу - 15198000,0 тенге;
- дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу 208000,0 тенге;
- жанар-жағар май материалдарын сатып алу - 222000,0 тенге;
- байланыс қызметтеріне ақы төлеу - 361000,0 тенге;
- өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу - 3724000,0 тенге;
- өзге да ағымдағы шығындар - 308000,0 тенге қаржы бөлініп, игерілді.

Өзге де қорларды сатып алуға қаралған қаражатқа (13425000,0 тенге) мектеп-интернат тәрбиеленушілерге канцеляриялық заттар, киім-кешек, сүлгілер, гигиеналық – жуынуға арналған құралдар, төсек жаймалары, көрпе –төсек, шаруашылық заттар, құрылыс заттары алынды.

Тәрбиеленушілер бес мезгіл ыстық тамақпен қамтылған, оған 25383000,0 тенге бөлінген. Алайда онлайн оқу форматына көшіуіне байланысты 15338893,00 тенге қаражат бюджетке қайтарылды, ал қыркүйек айынан оффлайн форматына ауысқандықтан тамақпен қамтамасыз етуге 10044107,00 тенге жұмсалып, игерілді.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге 3724000,0 тенге бөлініп, ол қаражатқа мектеп-интернат ғимаратының сыртқы қабырғасын ағымдағы жөндеу жұмыстарына 1458000,00 тенге бөлінген, ал қалған 2266000,00 тенге қоқыс шығаруға, залалсыздандыру жұмыстарына, компьютерлерді, техникалық құралдары жөндеуге, өрт қауіпсіздігін сақтау шараларына, жылыту маусымына дайындық жұмыстарына, банк қызметтері үшін, 1с бағдарламасын жаңартуға, интернет-ресурс сайтының қызметіне, турникет, дабыл қаққыш орналастыру жұмыстарына жұмсалып, игерілген.

Күзет және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мамандырылған күзет мекемесімен (айына 300000,00тенге) шарт жасалды.

Жаңа жыл мерекесіне қаралған 200000,00 тенгеге тәрбиеленушілерге сыйлықтар табысталды. Демеушілер өздерінің атынан жаңа жылдық тәтті сыйлықтар берілді. Президент шыршасынан оқушыларымыз Нурдилла Айша мен Нурахмет Нурланға ақшалай сыйлық 100000,00тенгеден берілді.

Мектеп – интернаттың оқу – тәрбие жұмысына тоқталсақ, мектепке дейінгі топтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 2 қыркүйектегі есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен жүзеге асса, 0 – 4 сынып оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген жаңартылған бағдарласымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне және жаңартылған бағдарламаға сүйеніп, тәрбие жұмысы 8 бағыты бойынша жүзеге асырылады.

Мектеп – интернаттағы оқу – тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері: оқушының есту қабілетін дамыту, ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыру, есту, естіп – көру арқылы байланыс қызметінің функцияларын дамыту, ауызша және жазбаша, саусақпен ымдасып сөйлеуге, қарым – қатынас жасай білуге үйретеді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Б.Шайхсланова сөз алып, осы мектеп-интернатында тәрбиеленушілерге жағдай жасалғандығы туралы мекеменің тазалығын, жылулығын және балалардың тамақтары дәмді екендігін тілге тиек етті.

#### Қаулы етеді:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2021 жылға қаралған қаржысының жұмсалыу есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға:



М.Сайдуллаев

Хатшы:



А.Назарова

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№4 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткізілген күні: 04.03.2022 ж.

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, бас аспазшы, қоймашы, дәрігер

Күн тәртібінде:

1. Мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымның салауатты өмір салтын насихаттау бағытында және мәдениетті дамуын қамтамасыз ету бағытында көмек көрсету, қолдау

Тыңдалды: М.Сайдуллаев

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев 2021-2022 оқу жылында мектеп-интернат педагогтарының ықпалымен салауатты өмір салтын сақтау, мәдениетті дамыту барысында қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің атсалысуымен бірнеше іс-шараларды жүзеге асырды.

Сөз алды: Т.Усипбеков қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Биылғы оқу жылында мектеп-интернаттың оқу-тәрбие жоспары негізінде бейімделген дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жетекшілігімен барлық сынып оқушылары «Біз спортпен доспыз» атты спорттық ойын түрлерінен салауатты өмір салтын насихаттайтын спорттық жарыстар ұйымдастырды. Сондай-ақ, есту қабілеті бұзылған балалар республикалық «Жұлдызай» өнер фестивалінде әннен, биден өнерлерін көрсетіп, ІІ-ші және ІІІ-ші орындарды иемденді. Наурыз мерекесінде мектеп-интернаттың акт залында «Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында ертеңгілік өтіп, балалар өз өнерлерін ата-аналарға, ұстаздарына көрсетті.

Шешім етеді:

- 1.Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты мен мәдениетті дамуын қамтамасыз ету үшін іс-шара ауқымын ұлғайту

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



М. Сайдуллаев

Мүшелері:




И.Анарметова



М.Тұрысметов



Г.Тургунбаева



Г.Құлманова



Д.Нурмахметов



Т.Старцева



С.Ниязова



Қамқоршылық кеңес хатшысы:

А.Назарова

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№5 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткізілген күні: 04.04.2022 ж.

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесін құру, хатшысын бекіту

**Тыңдалды:** Мектеп-интернаты директорының оқу ісі-жөніндегі орынбасары К.Даулетова 2022 жылдың 4 сәуірдегі Шымкент қаласы білім басқармасының №210 бұйрығымен Қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен таныстырды.

**Тыңдалды:** М.Сайдуллаев аталған бұйрықта Қамқоршылық кеңес құрамы 9 адамнан құралғанын айта келіп, ортамыздан Қамқоршылық кеңестің төрағасымен хатшысын сайлауымыз қажет. Кімде қандай ұсыныс бар?

**Тыңдалды:** Г.Турганбаева сөз алды. Қамқоршылық кеңестің өткен мерзімінде төрағалық еткен М.Сайдуллаев өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жоспарланған іс-шараларға белсене атсалысып, мектеп-интернат игілігі үшін ауқымды жұмыстар атқарды. М.Сайдуллаев жаңадан құрылып отырған Қамқоршылық кеңестің төрағасы болуын ұсынамын. ҚК хатшысы ретінде Д.Турсынованы ұсынамын.

**Тыңдалды:** Ү.Жүтшибаева сөз алды. Мен Г.Турганбаеваның ұсынысын қолдаймын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын М.Сайдуллаевті Қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде, ал хатшысы ретінде Д.Турсынованы лайықты деп өз ұсынысымды білдіремін.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері ҚК-тің төрағасы етіп М.Сайдуллаевті сайлады.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы етіп Д.Турсынованы бекіту үшін мектеп-интернат директоры С.Джунисбековаға бұйрық шығаруға ұсыныс берді.

Шешім етеді:

1. Қамқоршылық кеңестің хатшысы етіп Д.Турсынованы бекіту үшін мектеп-интернат директоры С.Джунисбековаға бұйрық шығаруға ұсынамыз

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

М. Сайдуллаев

Мүшелері:

М.Тұрысметов

Г.Тургунбаева

Г.Құлманова

Д.Нурмахметов

Т.Старцева

С.Ниязова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

А.Назарова